

2

Кейден ауылында жаңа спорттық нысан



4

Сирек мұралар шерткен сыр





Сыр бойы

№199 (21075) 30 желтоқсан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ұлттық энергетикалық жүйенің орнықтылығына арналған отырысы өтті. Жиында Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, Су ресурстары және иригация министрі Нұржан Нұржігітов және бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары баяндама жасады.

Президент энергетикалық қауіпсіздік еліміздің тәуелсіздігі мен экономикалық орнықтылығын қамтамасыз ететінін атап өтті. Бүгінде Қазақстанның электр қуатын өндіруге қажетті ресурстары жеткілікті. Дегенмен сұраныстың ұдайы артуы қуат көздерін ұтымды әрі оттайлы пайдалануды талап етеді.

Кенесте отандық электр қуатын қажеттілікке қарай икемдеп өндіру мәселесі қозғалды. Соның ішінде газ генерациясы, энергия сақтау жүйелерін дамыту жоспарларымен қатар гидроэнергетиканың әлеуеті өзекті саналады. Мемлекет басшысының айтуынша, аграрлық секторға, өнеркәсіп пен экономиканың басқа да салаларына су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу маңызды. Сонымен қатар саланың ғылыми-техникалық және кадрлық жай-күйіне айрықша назар аударылды. Кәсіби кадрларды даярлау гидроэнергетика бағытындағы ғылыми-зерттеу базасын дамыту үшін де керек.

Жиын соңында Үкіметке және өңір әкімдеріне отандық энергетика жүйесінің тұрақтылығына қатысты мәселелерді жан-жақты шешу тапсырылды.

/// САЛТАНАТ

2025 ЖЫЛ: ТАРИХИ СЕРПІЛІС КЕЗЕҢІ



Кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 2025 жылды қорытындылауға және Жаңа 2026 жылды қарсы алуға арналған мерекелік іс-шара өтті. Оған Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы ескі мен жаңа жылдың тоғысында өткенге ой жүгіртіп, жаңа жоспар құрып, келешектің бағытын айқындаудың маңызын айтып, жиналған жұртшылықты мерекелен қуттықтады. Жыл ағымында өңірде жүзеге асқан жобаларға, қолға алынған бастамаларға, жарқын жетістіктерге тоқталды.

— 2025 еліміз, өңіріміз үшін тарихи-саяси маңызды оқиғаларға толы, табысты жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Кемелұлы облысымызға арнайы жұмыс сапарымен келгенде әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған істерімізге оң бағасын берді. Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы жұмыс жасайтын үшінші Президенттік кітапхананың Қызылордада салынатынын айтты. Бұл бастаманы барша Сыр жұртшылығы зор қуанышпен қабылдады.



2-бет

/// ҚОНЫСТОЙ

ЖЫЛ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың сол жағалауында бой көтерген тоғыз қабатты 120 пәтерлік екі тұрғын үйдің кілтін кезекте тұрған отбасыларға табыстау рәсімі өтті. Оған Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, аудан әкімдері мен арнайы келген делегаттар, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы жыл алмасар шақтағы жаңалықтарға, құрылыс, оның ішінде тұрғын үй құрылысы саласындағы жетістіктерге тоқталып, жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтады.

— Баршаның алдағы Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 2025 еліміз үшін де, өңіріміз үшін де бірлік пен берекенің, тұрақтылық пен таулылық, жасампаздық пен жарқын істердің жемісті жылы болды.

Президенттің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономи-

калық даму бағытында оң тенденция қалыптасты. Аймақ негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындардан көрінді. Жалпы өңірлік өнім көлемі жыл қорытындысымен 3 трлн 700 млрд теңгеге жетіп, 6,5 пайыздық өсім қамтамасыз етілді. Облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңге болып, 2021 жылдан бері 246 пайыз өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. Даму бюджетінің көлемі биыл 207 млрд теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 4,4 есе артты. Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат



қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамтуда, инфрақұрылымды қайта жаңғыртуда тиісті шаралар қабылданды.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді.

Бүгін — мемлекет қолдауымен баспаналы болған баршаның ерекше күні! Қоныстарыңыз құтты болсын! — деді облыс әкімі.

Рәсімде тұрғын үй салынып жатқан құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Наурызбай Байқадамов құттықтау лебізін жеткізді. Қоғам қайраткері Бакберген Досманбетов бата берді.

Еске салайық, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Кейінгі үш жылда алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестіріліздің игілігіне айналды. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді.

Ерекше атап оту қажет, өткен жылдан бері қаламызда заманауи жана дизайнмен жеті, тоғыз, он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

4-бет

/// ӨҢІР ӨНДІРІСІ

ЖИҺАЗ ФАБРИКАСЫ АШЫЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевтің қатысуымен «Панабек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заманауи жиһаз фабрикасының ашылу рәсімі өтті. Оған ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты.

2-бет

/// ҚҰРМЕТ

СЫР САНДУҒАШЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбекпен кездесті.

Аймақ басшысы опера әншісінің өнер жолындағы жетістіктеріне, өңірдің мәдениет саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

— Ең алдымен Айгерімді еліміздің ұлттық мерекесі — Республика күніне орай Мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алуымен, әлемдегі ең беделді театрлардың бірі — Италиядағы атакы «Ла Скала» театрының ака-

демиясына тағылымдамадан өтуге қабылданып, Озіннің және Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Бұл — тек сіздердің отбасылық жетістіктеріңіз ғана емес, елімізбен қатар, аймағымыздың өнері мен мәдениетінің халықаралық деңгейде мойындалуының жарқын көрінісі.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, терен білімді, заманауи көзқарастағы жастардың қолында» деген болатын.



Айгерімнің шығармашылық жолы, үздіксіз ізденісі мен кәсіби шеберлігі жас буын үшін үлгі.

Қазір «Сыр елі — жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыру, өнерлі, дарынды жастардың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Соның бір жарқын көрінісі өзіңіз білім алған, ел мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан өнерпаздарды түлеткен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің ғимаратын жатақханасымен қосып заманауи үлгіде жаңадан салып, пайдалануға

бердік, — деді Нұрлыбек Машбекұлы. Кездесуде облыстың Құрмет грамотасын алған Айгерім Алтынбек, қазақы дәстүрге сай сыйсыяпат иеленген анасы Кенескул Ақтілеуқызы көрсетілген құрметке ризашылық білдірді.

Биыл сырбойылық опера әншісі Айгерім Алтынбек әйгілі тенор Хосе Каррерастың Астана қаласында өткен мерейтойлық қоштасу және Италиядағы әлемдік турына, Андреа Боччелидің Ежелгі Помпей амфи-театрының сахнасында өткен тарихи концертіне қатысты. «Ла Скала» театрының академиясына тағы-

лымдамадан өтуге қабылданды. Бұл — қазақстандық опера өнері үшін зор жетістік. Өңірі республикалық және халықаралық вокалдық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, Қазақстанның атын әлемдік сахнада кеңінен танытты.

Ол 2014-2016 жылдары Қызылорда облыстық филармониясында солист қызметін атқарған. Қазір Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының артисі ретінде шығармашылық қызметін жалғастырып келеді.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы: \$ 504,76 kzt € 593,80 kzt ₸ 6,5 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +5° 🌙 +1° | Сәрсенбі ☀️ +1° 🌙 -1°

МӘМІЛЕ

ЖЕКЕДЕН
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕНШІККЕ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Orda school» мектебін мемлекеттік меншікке алу бойынша меморандумға қол қою рәсімі өтті. Меморандумға облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов пен «Orda school» мектебінің құрылтайшысы Мұрат Бақтиярұлы қол қойды. Оған жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, білім саласының қызметкерлері қатысты.

Нұрлыбек Машбекұлы өңірде Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен жүзеге асқан ауқымды жобалар мен тың бастамалар туралы айтып өтті.

– Аймақта жас ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Кейінгі жылдары біз бюджет қаржысының басым бөлігін әлеуметтік салаға, оның ішінде білім саласына бағыттадық. Білім беру саласына кейінгі 3 жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге қаралды. Бөлінген қаржының түпкілікті максатқа жетуі мен қаржы бұзушылықтардың алдын алуға нақты шаралар қабылданған.

Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

Облыста алғашқылардың бірі болып, тәуекелге бел буып, қаржысын білім беру саласына салған Мұрат Бақтиярұлы ағамыз болатын. Бүгінде «Orda school» жекеменшік мектептерінің желісі 4-ке жетті. Біз де өз кезегімізде таза, шынайы жұмыс жасайтын кәсіпкерлерді үнемі қолдап келеміз. «Сабалақ» саяжайы аумағы жыл сайын кеңейіп, халық саны артқанын ескерсек, «Orda school - 2» жеке мектебінің перспективасы зор.

Өрбір ата-ана баласының заманауи ғимаратта оқып, білімді болғанын қалайды. Бұған дейін жеке мектепте 336 оқушы тегін оқып келді. Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2023 жылдың қыркүйегінде ашылған «Orda school - 2» жекеменшік мектебін облыстық коммуналдық меншікке беру жөнінде шешім қабылдады. Жас өрендеріміздің игілігі жолында жасаған батыл қадамыңыз үшін Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз!

Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды міндет. Барша бастамаларыңызға сәттілік тілеймін және бірлесе жұмыс атқаруға шақырамын! – деді облыс әкімі.

Енді бұл білім беру ұйымы №297 орта мектеп болып қайта құрылып, мемлекеттік мекеме ретінде жұмысын жалғастырады. Бұған дейін саяжайдан қаладағы мектептерге қатынап оқуға мәжбүр болған 326 оқушының мәселесі толық шешімін табады.

Басқосуда «Orda school» мектебінің құрылтайшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, «Ұлағат» мектебінің құрылтайшысы Қалқазбек Әжібеков, «Зерде» мектебінің құрылтайшысы Сейтқали Алшынбаев сөз сөйледі.

2025 ЖЫЛ:
ТАРИХИ СЕРПІЛІС КЕЗЕҢІ

Атап айтқанда, «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Премьер-министрдің Алғыс хаты, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Елімізде 2012 жылдан бері «Үздік педагог» республикалық байқауы өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде Қызылорда облысынан 41 мұғалім

1-бет

жеңімпаз атанды. 2025 жылы облыстан 4 педагог республикалық, 6 ұстаз облыстық кезеңде үздік деп танылды. Қорытынды іс-шарада оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсеткен шығармашыл мұғалімдерге облыс әкімінің қолдауымен бірреттік сыйақы беріліп, «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Сонымен қатар, жыл бойы өз

саласында жоғары нәтижеге қол жеткізген әр саланың үздіктеріне арнайы номинациялар табысталды.

Мерекелік іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбек Ш.Ғуноның «Ромео мен Джульетта» операсынан Джульеттаның вальсін, «Бақыт вальсін», И.Штраустың «Вена орманының ертегілері» шығармасын орындады.

«СБ» ақпарат

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП
ҒАМ ҚАУІПСІЗДІК

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жәналиновтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Онда мереке күндері тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Комиссия отырысына жауапты сала басшылары қатысып, бірқатар тапсырма жүктелді.

– Қоғамдық орындарда, ойын-сауық нысандарында, түнгі клубтарда, базарлар мен сауда орталықтарында, жалдамалы пәтерлерде құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары күшейтілсін. Мерекелік іс-шаралар кезінде мас күйде жүру, топтық төбелес, бұзақылық, өзге де құқықбұзушылықтарға жол бермеу үшін кешенді шаралар қабылдансын. Ұрлық, алаяқтық және өзге де қылмыстардың алдын алуға күшейтілген рейдтік-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Алкоголь өнімдерін сатуға белгіленген уақытты сақтауды, мас күйдегі азаматтарға алкоголь

сатпауды бақылау керек. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге су, жылу, электр, газ беру және тазалық қызметтері үздіксіз көрсетілуі тиіс. Резервтік жүйелерді тексеріп, қосымша қуат көздерін дайындап қою қажет. Коммуналдық қызметтер 24 сағаттық кезекшілік пен жедел байланыс желісін ұйымдастырсын.

Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Ермахан Абдрамановтың хабарламасы назарға алынып, полиция департаменті, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, мүдделі мемлекеттік органдар, профилактика субъектілерімен

бірлесіп, өз қызыртертері шегінде заң нормаларын іске асыруға бағытталған ұйымдастырушылық, әдістемелік және талдамалық шаралар кешенін алдын ала пысықтауы тиіс. Қабылданатын заң талаптарын тиімді енгізуге дайындық жөнінде ұсыныстар беру өте маңызды, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Сонымен қатар, негізгі жол тораптары мен халық көп жиналатын аумақтарды патрульдеуді, өрт, жарылыс және өзге де апаттық жағдайларға жедел әрекет етуге дайындықты күшейтуді тапсырды. Медициналық қызметтің, жедел жәрдем бригадаларының әзірлігі де назардан тыс қалмауы керек.

КЕЙДЕН АУЫЛЫНДА
ЖАҢА СПОРТТЫҚ НЫСАН

Жаңақорған ауданының Кейден ауылында жастардың спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін, заманауи талаптарға сай жаңа күрес залы ашылды.



Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, «Қазатоменеркәсіп» ҰАҚ, АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, зиялы қауым өкілдері, аудан спортшылары және ауыл тұрғындары қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, аймақтың спорт саласындағы жетістіктерін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы спортты дамыту ұлт саулығының кепілі екенін үнемі айтып келеді. Осы бағытта елімізде, оның ішінде аймағымызда да спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен кейінгі 3 жылда 21 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Биыл Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион пайдалануға берілді. УЕФА-ның 4-санатты сертификатын алған заманауи нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы.

Атап өту қажет, Жаңақорған ауданында кейінгі жылдары 15 жаңа спорт нысаны іске қосылған.

Осындай игіліктердің жалғасы ретінде бүгін міне, тағы бір спорт нысанының ашылуында бас қостық. Жаңа күрес залы ауыл жастарының үлкен спортқа жолын ашып, осы жерден болашақта ел намысын қорғайтын чемпиондар шығады деп сенеміз, – деді Ардақ Темірханұлы.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен күрес залын салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Қазатоменеркәсіп» ҰАҚ, АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Бақтыұлы сөз сөйлеп, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Исабекулы бата берді. Құрылысына 114 млн 400 мың теңге бөлінген нысан 50 балаға арнал

ған. Жаттығу залы, дәрігерлер мен жаттықтырушыларға арналған қызметтік бөлмелер қарастырылған. Қолданыстағы талаптарға сай заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіз әрі жүйелі түрде спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Жаңақорған ауданында «СКЗ-У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құкірт қышқылы зауыты қызметкерлеріне арналған спорт залы пайдалануға берілді.

Атап өту қажет, Қызылорда қаласындағы «Достық үйінің» жаңа ғимараты да ұлттық атом компаниясының демеушілігімен салынуда.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

ЖИҢАЗ ФАБРИКАСЫ АШЫЛДЫ

«Панабек» ЖШС жиназ өндірісі саласында 20 жылдан астам уақыттан бері табысты жұмыс істеп келеді. Жоғары сапалы өнімдерімен өңір тұрғындарының сеніміне ие болып, экономиканың дамуына тұрақты үлес қосуда.

Өндіріс қуатын арттыру мақсатында өңірлік инвестициялық орталық арқылы 59 млн теңге жеңілдетілген несиенеленген. Қала аумағынан 1 гектар жер телімін сатып алып, өндіріс процесі толықтай автоматтандырылды. Қазіргі таңда фабрикада жылына 35 мыңға дейін кенсе, асхана жиһаздары, мектеп парталары, т.б жасалады. Өнімдері тұрғындар арасында жоғары сұранысқа ие. Биыл «Панабек» ЖШС «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, «Келешек мектептері» ұлттық жобасымен салынған 5 мектепті сапалы жиһазбен қамтамасыз етті.

Кәсіпорынның іске қосылуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, отандық өнім көлемінің артуына, шығын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізеді.

1-бет



Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі	
9 желтоқсан 2025 жыл	Қызылорда қаласы
ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТТЕР, ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА БЮДЖЕТІ АРАСЫНДАҒЫ 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ	
«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 79-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ІШІНІМ ҚАБЫЛДАДЫ: Осы шешім облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің 2026-2028 жылдардағы үш жылдық кезеңге арналған жылдар бойынша бөлінген абсолюттік көрсіндетті көлемін айқындайды. 1. Қызылорда қаласы бюджетінен облыстық бюджетке 2026 жылға арналған бюджеттік алып қою көлемі 22 876 722 мың теңге сомасында белгіленсін. 2. Қызылорда қаласы бюджетінен облыстық бюджетке 2027 жылға арналған бюджеттік алып қою көлемі 43 130 437 мың теңге сомасында белгіленсін. 3. Аудан бюджетінен және облыстық маңызы бар қала бюджетінен облыстық бюджетке 2028 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар көлемі 45 859 074 мың теңге, оның ішінде: Шіелі ауданынан – 571 969 мың теңге; Қызылорда қаласынан – 45 287 105 мың теңге сомасында белгіленсін. 4. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2026 жылға арналған бюджеттік субвенциялар көлемі 20 444 185 мың теңге, оның ішінде: Арал ауданына 3 092 241 мың теңге; Қазалы ауданына 5 799 772 мың теңге; Қармақшы ауданына 4 105 450 мың теңге; Жалағаш ауданына 3 288 712 мың теңге; Шіелі ауданына 914 862 мың теңге; Жаңақорған ауданына 3 243 148 мың теңге сомасында белгіленсін. 5. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2027 жылға арналған бюджеттік субвенциялар көлемі 15 482 894 мың теңге, оның ішінде: Арал ауданына 2 282 158 мың теңге; Қазалы ауданына 4 629 114 мың теңге; Қармақшы ауданына 3 389 908 мың теңге; Жалағаш ауданына 3 764 067 мың теңге; Сырдария ауданына 66 755 мың теңге; Жаңақорған ауданына 1 350 892 мың теңге сомасында белгіленсін. 6. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2028 жылға арналған бюджеттік субвенциялар көлемі 14 775 688 мың теңге, оның ішінде: Арал ауданына 2 060 209 мың теңге; Қазалы ауданына 4 511 766 мың теңге; Қармақшы ауданына 3 469 072 мың теңге; Жалағаш ауданына 3 746 889 мың теңге; Сырдария ауданына 68 655 мың теңге; Жаңақорған ауданына 919 097 мың теңге сомасында белгіленсін. 7. Жергілікті бюджеттердің шығыстарында осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің көлемі ескерілсін. 8. Жергілікті бюджеттердің шығыстарында осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес күрделі шығыстардың көлемі ескерілсін. 9. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2028 жылғы 31 желтоқсанда дейін қолданылады.	
Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М. ТЛЕУМБЕТОВ	
Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 198 шешіміне 1-қосымшы	

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 198 шешіміне 1-қосымша

ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ НЫСАНАЛЫ
ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ КӨЛЕМІ

мың теңге			
Атауы	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Барлығы:	6 979 545,0	7 563 050,0	7 920 079,0
Республикалық бюджеттен берілген нысаналы трансферттер	1 700 138,0	1 787 662,0	1 870 420,0
оның ішінде:			
Арал ауданы	139 913,0	147 205,0	154 313,0
Қазалы ауданы	131 601,0	137 819,0	144 305,0
Қармақшы ауданы	151 935,0	161 368,0	169 153,0
Жалағаш ауданы	86 052,0	90 632,0	94 890,0
Сырдария ауданы	71 194,0	75 007,0	78 480,0
Шіелі ауданы	160 751,0	168 930,0	176 954,0
Жаңақорған ауданы	139 631,0	146 336,0	153 344,0
Қызылорда қаласы	819 061,0	860 365,0	898 981,0
оның ішінде:			
Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға	1 627 356	1 714 403	1 796 923
Арал ауданы	134 394,0	141 636,0	148 718,0
Қазалы ауданы	122 827,0	128 968,0	135 416,0
Қармақшы ауданы	145 801,0	155 181,0	162 940,0
Жалағаш ауданы	80 128,0	84 657,0	88 889,0
Сырдария ауданы	65 569,0	69 369,0	72 839,0
Шіелі ауданы	151 601,0	159 703,0	167 688,0
Жаңақорған ауданы	132 886,0	139 530,0	146 506,0
Қызылорда қаласы	794 150,0	835 359,0	873 927,0
Ариалуы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге	14 825,0	14 830,0	14 832,0
Қызылорда қаласы	14 825,0	14 830,0	14 832,0
Облыстық бюджеттен берілген нысаналы трансферттер	57 957,0	58 429,0	58 665,0
оның ішінде:			
Арал ауданы	5 519,0	5 569,0	5 595,0
Қазалы ауданы	8 774,0	8 851,0	8 889,0
Қармақшы ауданы	6 134,0	6 187,0	6 213,0
Жалағаш ауданы	5 924,0	5 975,0	6 001,0
Сырдария ауданы	5 625,0	5 638,0	5 641,0
Шіелі ауданы	9 150,0	9 227,0	9 266,0
Жаңақорған ауданы	6 745,0	6 806,0	6 838,0
Қызылорда қаласы	10 086,0	10 176,0	10 222,0
Облыстық бюджеттен берілген нысаналы трансферттер	5 279 407,0	5 775 388,0	6 049 659,0
оның ішінде:			
Арал ауданы	242 087,0	285 951,0	301 109,0
Қазалы ауданы	268 661,0	319 007,0	334 332,0
Қармақшы ауданы	328 157,0	366 175,0	380 007,0
Жалағаш ауданы	285 952,0	326 652,0	342 469,0
Сырдария ауданы	178 383,0	214 518,0	226 848,0
Шіелі ауданы	239 610,0	280 905,0	293 084,0
Жаңақорған ауданы	294 620,0	336 108,0	346 592,0
Қызылорда қаласы	3 441 937,0	3 646 072,0	3 825 218,0
оның ішінде:			
Спорт ұйымдарын ұстау шығындарына	84 612,0	85 967,0	87 220,0
Қармақшы ауданы	84 612,0	85 967,0	87 220,0
оның ішінде:			
Жосалы кенті, «Самара-Шымкент» тас жолында орналасқан Орталық стадион ғимаратының ұстау шығындары	20 113,0	20 155,0	20 199,0
Дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ұстап тұру шығындары	64 499,0	65 812,0	67 021,0
Мәдениет ұйымдарын ұстау шығындарына	167 442,0	169 198,0	170 494,0
Жаңақорған ауданы	50 258,0	50 915,0	51 448,0
оның ішінде:			
Өзгерт ауылдық клубы балансына жаңадан ғимарат берілуіне байланысты қосымша 10,5 штат бірлігін ұстап тұру шығындары	30 448,0	30 969,0	31 431,0
Жайылма ауылдық клубы балансына жаңадан ғимарат берілуіне байланысты қосымша 8,5 штат бірлігін ұстап тұру шығындары	19 810,0	19 946,0	20 017,0
Қызылорда қаласы	117 184,0	118 283,0	119 046,0
оның ішінде:			
С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жанынан ашылған мүмкіндікті шектеулі жандардан құралған мәдени көпшілік жұмыстарын ұйымдастыру бөлімін ұстап тұру шығындары және 2 спектакль қойылымы	42 386,0	43 004,0	43 526,0
Т.Османбаев атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған Жастар театрын ұстап тұру шығындары	74 798,0	75 279,0	75 520,0
Жаңадан іске қосылған мәдениет нысандарының ұстау шығындарына	289 879,0	295 218,0	299 487,0
Арал ауданы	33 468,0	33 785,0	34 409,0
Қазалы ауданы	58 019,0	59 079,0	59 337,0
Қармақшы ауданы	35 583,0	36 229,0	36 856,0
Жалағаш ауданы	45 350,0	45 350,0	45 350,0
Сырдария ауданы	32 154,0	34 405,0	36 613,0
Шіелі ауданы	43 334,0	43 674,0	43 888,0
Жаңақорған ауданы	41 971,0	42 696,0	42 834,0
Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыруға	1 292 091,0	1 445 131,0	1 467 076,0
Арал ауданы	185 749,0	206 427,0	209 526,0
Қазалы ауданы	183 196,0	205 036,0	206 380,0
Қармақшы ауданы	133 918,0	149 887,0	152 044,0
Жалағаш ауданы	131 760,0	147 482,0	148 381,0
Сырдария ауданы	127 462,0	142 578,0	143 116,0
Шіелі ауданы	177 187,0	199 054,0	201 474,0
Жаңақорған ауданы	184 323,0	206 361,0	207 140,0
Қызылорда қаласы	168 496,0	188 306,0	189 015,0
Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын төлеуге	172 937,0	345 872,0	432 340,0
Арал ауданы	22 870,0	45 739,0	57 174,0
Қазалы ауданы	27 446,0	54 892,0	68 615,0
Қармақшы ауданы	19 380,0	38 760,0	48 449,0
Жалағаш ауданы	20 566,0	41 131,0	51 414,0
Сырдария ауданы	18 767,0	37 535,0	46 919,0
Шіелі ауданы	19 089,0	38 177,0	47 722,0
Жаңақорған ауданы	18 068,0	36 136,0	45 170,0
Қызылорда қаласы	26 751,0	53 502,0	66 877,0
Жолаушылар тасымалын субсидиялауға	3 129 506,0	3 285 981,0	3 450 280,0
Қызылорда қаласы	3 129 506,0	3 285 981,0	3 450 280,0
Жаңадан іске қосылған спорт нысандарының ұстау шығындарына	142 940,0	140 801,0	152 762,0
Қармақшы ауданы	54 664,0	55 332,0	55 438,0
Жалағаш ауданы	88 276,0	92 689,0	97 324,0



ЖИЫРМА ЖЫЛ – ЕЛЕУЛІ БЕЛЕС

Артта қалған 20 жылда тағы қандай тірлік атқарылғанына көз жүгіртсек, орталықтардың цифрландыру жүйесін тиімді түрде қолданысқа енгізіп, сапалы әрі жылдам қызмет көрсетуге көшкенін анық көреміз. Сөзіміз дәлелді болсын, 2021 жылы желтоқсан айында Қызылорда қаласында электронды үкімет порталын қолдануға машықтандыратын жаңа кеңістік – Цифрлы ХҚКО есігін айкара ашты. Онда азаматтардың өздігінен қызмет алуына, цифрлық сауатын арттыруға жағдай жасалған. Жаңа цифрлық кеңсе – Сыр жұртшылығының өмір сапасын арттыруға, мемлекеттік қызметтерді ашық әрі тиімді ұсынуға бағытталған нақты қадам екені рас.

– Мемлекеттік қызметтің азаматтарға бағытталғанын айшықтайтын тағы бір ерекше бастама – «Отбасы орталығы» ғимараты. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен 2024 жылы халық игілігіне тапсырылған бұл ғимаратта бүгінде неке кино, сәбидің туу, зейнетке шығу, жеке куәлік алу секілді құжаттар иелеріне салтанатты түрде табысталуы жүр. Бұл мемлекеттік қызметтің өмірдің ең қымбат сәттерімен де тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бүгінде Қызылордада республика бойынша алғашқылардың бірі болып «Супер ХҚКО» жобасы іске асырылып жатыр. Мұнда 15 мемлекеттік мекеме бір орталықта шоғырланған. Тұрғындар осылайша уақытын үнемдей, тиімді әрі сапалы қызметке қол жеткізе алады. Осы жылдар ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтары қарапайым құжат рәсімдейтін орыннан адамның бүкіл өмірін жеңілдететін құрылымға айналды. Әрбір қызмет сапаға, сенімге және адамға құрметке негізделген, – деді облыстық филиал басшысы.

Бүгінде 1000-нан астам мемлекеттік қызмет түрі мемлекеттік реестр арқылы жүргізіледі. Соның 95 пайызын онлайн форматта алуға болатыны қағазға негізделген бюрократиядан цифрландыруға көшудің басты серпіліс екенін көрсетеді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылуы, электронды үкімет порталының іске қосылуы және қызмет көрсету регламенттерінің енгізілуі осы саланың іргетасын қалаған маңызды қадамдар деп айта аламыз. Онлайн қызметтердің кеңінен қолданысқа енуі және азаматқа бағдарланған шешімдердің артуы сияқты өзгерістер мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара байланысты мейлінше жеңілдетті.

– Быыл Сыр өңіріндегі халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына 20 жыл толып отыр. Бұл – халқымыздың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру, ашықтық пен әділдік қағидаттарын өмірге енгізу жолындағы елеулі белес. Жүйе құрылған сәттен бастап ел игілігіне қызмет етіп

1-бет.

даның арқасында бітіп жатыр.

Индира Мыханова мемлекеттік қызмет көрсету саласында 18 жылдан бері тер төгіп келеді. Орталықтың қалыптасу кезеңі, қалай аяққа тұрып, жаңа технологияға қарай жылжығаны – бәрі оның кешегідей көз алдында. Мерейтой аясында кейіпкеріміз ұзақ жылғы еңбегі еленіп, марапат биігінен көрінді.

– Мен орталық құрылғаннан бері еңбек етіп жүрмін. Алғашқы кезде жұмыстың бәрін қолмен атқаратынбыз. Бланкі толтырып, құжаттарды жазып, ұзын-сонар кезектегі адамдарға үздіксіз қызмет көрсететінбіз. Ал бүгінде барлығы цифрландырылды. Қызметтердің басым бөлігін халық онлайн ала алады, оған небәрі санаулы минут кетеді. Бұл – алға қарай қарыштап дамудың айқын көрінісі, – деді Индира Мыханова.

Расында, жаңа технологиялар, «Супер ЦОН» жобасы, электронды кезек, цифрлы терминалдар, онлайн консультация секілді өзгерістер адамдардың өмірін жеңілдетті.

Мобильді қосымша – тиімді мүмкіндік

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үдерісі аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «ЦОН» мобильді қосымшасына жаңа мүмкіндік қосты. Енді азаматтар мемлекеттік қызметке берген өтінімдерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде көре алады.

Өтінім мәртебесін көру үшін қолданушы қосымшадағы «ХҚКО қызметтері» немесе «Арнайы ХҚКО қызметтері» бөлімін таңдап, өтінім нөмірін енгізуі керек. Бұл жаңашылдық қызмет көрсету процесін барынша ашық етіп, азаматтарға өтінімнің қай сатыда тұрғанын және нәтижені қашан алуға болатынын нақты білуге мүмкіндік береді. Енді өтінім мәртебесін білу үшін ХҚКО-ға барудың қажеті жоқ.

Жаңа функция азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қызметтерге деген сенімді арттырады. Әр қолданушы өз өтінімінің қаралу кезеңін көріп, кез келген өзгеріс туралы жедел хабарлар бола алады.

– Өтінім мәртебесін бақылау жүйесін енгізу – мемлекеттік қызметтерді жаңғыртудың маңызды қадамы. Бұл шешім ашықтықты арттырып, халыққа қызмет көрсетудің қолайлылығын күшейтеді. Мұндай цифрлық бастамалар Президент Жолдауында айтылған цифрлық трансформация міндеттерімен үндесіп, мемлекеттік қызмет сапасын жаңа деңгейге көтереді, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.



корпорациясы филиалының баспасөз қызметі хабарлады.

Бұл жай ғана статистика емес. Оның артында сапалы, жылдам әрі қолжетімді қызмет алған адамдардың көңілді күйі тұр. ХҚКО өзінің жүріп өткен 20 жылында «бір терезеден» цифрлы қызметке дейінгі бүкіл сатыны өткізді. Бүгінде әрбір қызылордалық сарыла кезек күтіп, уақыт жоғалтпай-ақ анықтама немесе кеңес ала алады. Мұның бәрі мемлекеттік қызметтерді дамыту мен жаңғырту бағытындағы жұмыстардың нәтижесі екені айтпаса да түсінікті. Ал қыруар тірлік тәжірибелі әрі шыңдалған коман-

даның арқасында бітіп жатыр.

Косымшада сонымен бірге электронды қолжазбаларды сақтау және көру мүмкіндігі іске қосылған. Бұл қолжазбалар – өтінімнің қабылданғанын немесе қызметтің көрсетілгенін растайтын ресми құжат. Ол автоматты түрде «Тапсырыс тарихы» бөлімінде сақталады.

Мемлекеттік корпорация алдағы уақытта да азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта жылдам әрі ыңғайлы түрде ұсынуға бағытталған жаңа цифрлық шешімдерді енгізуді жалғастырады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

СИРЕК МҰРАЛАР ШЕРТКЕН СЫР



Жақында Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасында осы руханият ордасының құрылғанына 115 жыл және көрнекті ағартушы, ғалым, этнограф, мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш ардақтысы Қоңырқожа Қожықұлының туғанына 145 жыл толуына орай «Сирек мұраларды жинау, сақтау және ғылыми айналымға енгізу мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оны Ұлттық кітапхана мен Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты бірлесіп ұйымдастырды.

Алыс-жақын шетелдер мен еліміздегі ғалымдар, зерттеушілер, тарихшылар, қолжазбашылар, ғылыми-зерттеу институттары және жоғары оқу орындарының мамандары, архив, музей, кітапхана қызметкерлері қатысқан шарада Ұлттық мұрамыздың ажырамас бөлігі болып саналатын сирек кітаптар мен қолжазбаларды жинау, сақтау, цифрландыру және ғылыми айналымға енгізу мәселелері, оларды қал-

пына келтірудің заманауи технологиялары талқыланды. Сондай-ақ осы саланың белді мамандары үздік тәжірибелерімен бөлісіп, Ұлттық кітапханадағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан Қоңырқожа Қожықұлының ағартушылық мұрасы жан-жақты сөз болды.

Осы шараға арнайы қатысқан Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақпарат саласының

үздігі Нұрсұлтан Мықтыбай Ұлттық кітапхананың басшылығына, аталған қызмет мамандарына алғысын жеткізді.

– Сирек мұраларды жинау, сақтау бір бөлек те, оларды ғылыми айналымға енгізу мүлдем бөлек нәрсе. Біз «кітапхана» дегенде, көзімізге сөрелерде самсаған кітаптарды ғана елестетіп жатамыз. Мүлдем олай емес екеніне жеке өз басым кейінгі 3 жылдан бері көз жеткізіп келемін. Әсіресе, Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорымен тығыз байланыс орнатқалы бері көзқарасым өзгерді. Осы қорда 40 мыңға жуық материал сақталған. Оның ішінде шамамен мыңға тарта жазба – көне дәуірлердің қолжазбалары. Сирек мұра туралы сөз болғанда, ең алдымен, кез келген құжат не кітаптың түпнұсқалығына көз жеткізу маңызды екені айтылады. Оның арнайы әдістері де бар екен. Мәселен, осы кітапханада қолжазба палеографиялық талдау жасалады. Бұрын мұндай сараптама тек шетелде ғана болатын. Қазір өзімізде мүмкіндік бар екендігі қатты қуантады. Себебі, біз Қызылорда қаласындағы 150 жылдық шежіресі бар «Айтбай» мешітінің тарихын зерттегенде құнды мәліметтерді осы сирек қордан таптық. Құлшылық үшін салған адамға байланысты

100 жылға созылған даудың нүктесін осы қорда сақталып келе жатқан 1912 жылғы бір ғана кітап қойып берді. Орыс этнографы әрі тарихшысы Александр Добросмысловтың Ташкентте басылған «Города Сырдаринской области» атты еңбегінің еліміздегі жалғыз түпнұсқасы осы Ұлттық кітапханада тұр. Бүгінгі жылында Сыр елінің атынан осы бір құнды мұрағаттың оқырманға кедергісіз жетуіне атсалысып келе жатқан мамандарға алғыс айтымқы келеді, – деді ол.

Ғасырлар қойнауынан сыр шерткен конференцияда Алаш арысы, ағартушы-ғалым, «Қызылорда» атауын ұсынған Қоңырқожа Қожықұлының немересі Сәуле Құлахметқызы ағайынды Қожықовтардың басынан кешкен ауыр тағдырын кеңінен әңгімелеп берді. Бұдан бөлек, тақырыптық көрмелер мен сирек кітаптар, қолжазбалардың таныстырылмалы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, шара аясында Орталық Азиядағы каллиграфия бойынша «ижаз» иегері, ежелгі өнер түріндегі бірегей білім мен дағдыларды меңгерген қазақстандық каллиграф Асылбек Байұзақұлының көрмесі ұсынылып, автордың қатысуымен каллиграфия бойынша шеберлік сабағы өтті.

«СБ» ақпарат

«QazaqGaz Aimaq» мобильді қосымшасы

«QazaqGaz Aimaq» мобильді қосымшасы газды есептеу құралдарынан деректерді ыңғайлы және жылдам беруге арналған.

Бұл тұрғындар үшін ыңғайлы:

- себебі бұл сізге көрсеткіштерді бақылаушының келуіңіз және байланыс орталығына қоңырау шалуысыз жіберуге мүмкіндік береді;
- смартфон арқылы кез келген уақытта және кез келген жерден қолжетімді;
- деректерді автоматты түрде бекіту және дұрыстығын тексеру арқылы қателерді азайтады;
- есептеулердің ашықтығын қамтамасыз етеді және берілген көрсеткіштердің тарихын бақылауға мүмкіндік береді.

Осылайша, тиісті қолданба оқу процесін жеңілдетеді, уақытты үнемдейді және қызмет көрсетуді қолжетімді және заманауи етеді.

«QazaqGaz Aimaq» мақсаты – цифрлық технологиялар әр отбасына көмектесіп, оның уақытын үнемдеп, күнделікті өмірде жайлылық туғызуы.

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 03 желтоқсандағы ұйғарымымен «Авангард-Мұнай» ЖШС-не қатысты (БСН 110340007535) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекемежайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ШАРА

Арал қаласындағы «Гүлдер» бөбекжай-бақшасында «Әжелер сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында әжелер сайысы өтті. Шараның негізгі мақсаты – балабақша тәрбиеленушілерінің ой-өрісін кеңейту, ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарды өскелең ұрпақ санасына сіңіру, әже тәрбиесінің қадір-қасиетін тереңінен ұғындыру.

Тәрбиелік мәні зор шара үш кезеңді қамтыды. Алғашқы кезеңде «Мен әжемнің ұрпағын әділдеген» тақырыбында қатысушылар өздерін таныстыру сайысында бақ сынады. Келесі кезеңде немересі арнайы бейнеролик арқылы әжесімен өткізген қызықты сәттерін көпшілік назарына ұсынды. Соңғы кезең «Өнерлі саусақтар» тақырыбында өрбиді. Мұнда өзара бақ сынасқан өнерлі өрендер әжелерінің көмегімен жасаған колорет бұйымдарын дайындауда шеберліктерін ортаға салды.

Сайыс өте тартысты өтті. Қатысушы әрбір талапты бала шын талантымен танылды. Байқау олардың зейінін ашып қана қоймай, талабын шыңдап, ұлттық өнердің қыр-сырына терең бойлауға зор ықпал етті деп айтуға болады. Сонымен қатар әжелеріміздің қазақ қоғамындағы ролі, өмірден жиган барлық ғибратын бала санасына сіңіріп, немересіне тәлімді тәрбие берудегі асыл қасиеттері кенінен көрініс тапты.

Қорытындысында үздік шыққан әжелерімізге «Білгір әже», «Мейірбан әже», «Алтын оймақты әже», «Бұлбұл әйелі әже», «Сырлы әже», «Өнерлі әже» номинациялары табысталды. Сондай-ақ жүзден жүйрік шыққан балғындар «Талапты», «Жылы жүзді», «Шебер қолды», «Өнерлі», «Әдепті», «Әжесінің көмекшісі» номинацияларына лайық деп танылды. Ал «Балақай» тобындағы Махамбет есімді бүлдіршіннің әжесі Қаныгүл Аманова бас жүлдені жеңіп алды.

«Гүлдер» бөбекжай-бақшасының басшысы Жанар Амангелдіева қатысушыларға шынайы алғысын білдіріп, жеңімпаздарды марапаттады.

Гүлсім СЕЙТӘЛИЕВА,
«Гүлдер» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.
Арал қаласы



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21998

Тапсырыс №2222

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА